

01.2006


411019



Жыр
жаянтары

Әбү
СӘРСЕНБАЕВ

Ақша бұлт



RARITY
PUBLISHING
COMPANY LTD

Әбү Сәрсенбаев

АҚША БҰЛТ

Өлеңдер мен балладалар

Алматы
«Раритет»
2005



Sea Gulls

Akira KUROKAWA





Жыр
жаянтары

Әбү
СӘРСЕНБАЕВ

Ақша бұлт

Cesne 1995 жылдан оғанда шағындағы көңілі

Cənənini həzirən qızıñ 3-cü yıldızıñ
Kökəm qəsəndirməci həzirən qızıñ 4. Təqəvvümə

Өлеңдер мен балладалар



970-999-999-99-9

ББК 84Каз7-5

C28

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігі**

**Ақпарат және мұрағат комитеті
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшиев*

Сәрсенбаев Ә.

C28 Ақша бүлт: Өлеңдер мен балладалар. — Алматы:
Раритет, 2005. — 240 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.

ISBN 9965-663-89-0

Абыз ақынның бүл жинағы, негізінен, Ұлы Жеңістің 60 жылдығын кеше ғана арлы адамзат жұрты атап откен қанды қасап соғыс даласында жүріп жазған өлеңдері мен балладаларынан түзілді. Кезінде майданнан ескен жаңа лептей ақ сезімді актарған «Ақша бүлттан» казақ лирикасындағы ақ пейілді, бауырмал жүркөті Әбдудария ағысы басталады.

ББК 84Каз7-5

**C — 4702250202—17
413(05)—05**

ISBN 9965-663-89-0

© •Раритет• БК, 2005
© Безендірген Б. Серікбай, 2005

АҚЫНДАР АБЫЗЫ (Алғы сөз орнына)

* * *

“Әбу шыгармашылығы — өз дәуірінің айнасы. Бұл айнаның бетінде Әбу дәуірінің алуан-алуан күнгейі мен қолеңкесі, дұрыстығы мен бұрыстығы, жетістігі мен кемістігі қатар көрініс тапқан.

Ірі ақын, ұлы ақын — әрқашан азамат ақын.

Осы ұғыммен өлшесек, Әбу Сәрсенбаевтың аса көрнекті ақындығы орасан биік азаматтығында жатыр.

Әбу Сәрсенбатың тогыздан тоқсанга дейінгі саналы өмір жолы — тап-таза адамдық, азаматтық сапар. Ол тогыз жасында теңіз жағасындағы балық батагасында табыраши бала болып, тұңғыш рет еңбекпен табысты. Адамды адам ететін — еңбек, еңбек есейткен кіслікті кісі қайтадан ардан туады да, арман қуады. Арман, яки асқақ мақсат адамды азаматқа айналдырады. Азаматтың асыл мұраты — халық қамы: елге қызмет ету. Әбу Сәрсенбаевтың осы магынадағы азаматтығы ақындығымен астасады да, оның қала-мынан екі том өлеңдер мен поэмалар, уш кітап әңгімелер мен новеллалар, екі роман туады. Бұган «Ғасыр мен гасыр беттессе» жинағын қоссақ, алты том әдеби көркем қазынаның өн бойында құс жолындаи сайрап, азамат ақынның тоқсан жылга созылған ғұмырнамасы жатыр.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ

* * *

Расында, «Ақша бұлт» — махабbat, сагыныш жолындағы адам жүргегінің қыл пернесі, ыстық шындық. Оқырмандар сезімін, жан толқынын, жан сырын жеткізетін жан ләззаты. Біздер, ақындар, бұрын тек қана саяси лирика жазумен болдық.

Ал махаббат, табигат, адамдар қарым-қатынасы, мінез-күлық, өнер жүйелерін еркін жазудан сырт қалдық. Ал жанса жайлы, еркін, сыршыл тақырыптарға тек қана Отан соғысында, от ішінде, оқ астындағы жауынгер ақын-жазушылар — біздер бастап, елдегілер қостады. Әбдің жаңағы «Ақша бұлтты» осының жаса жүйесінің жаса перзенті дер едім.

Әбу ақын гана емес, прозаик те. Оның қаламынан туган прозалық шыгармалары — «Толқында тугандар», «Теңіз әуендері» романдары, «Офицер күнделігі», «Жауынгер монологы» повестері қазақ прозасы қазынасына қосылған елеулі туындылар. Әбу драматургияда да қалам тербетті. Орыс классиктері Пушкин, Лермонтов, Некрасов өлеңдерін аударып, өзінің ақындық өнеріне үлгі ете білді. Ал Әбдің өз шыгармалары, әсіресе поэзиясы орыс, болгар, эстон, тәжік тілдерінде де сөйлеген, соган «болдым», «толдым» деп асып-таспайтын да еді. Жанарына жарқ еткен бір ақынның шагын өлеңі түссе болды, оқып, іштей парасаттанып, пікірін айтатын, өзгенің де пікірін тыңдайтын. Бір гажабы, сондай ой-толғамдарын не топта, не жиналыстаңда «айтқыштық», «білгіштік», «белсенділік» жасамайтын ерекше табиғаты болатын. Бұл мінезі Бейімбет Майлин ұстамдылығына үқсас еді.

Ұлы Абай «Өлмейтұғын артына сөз қалдырган» деп қандай сөзге, қандай ақынга багыттап айтты еken десек, мен «Ақша бұлтты», «Ақша бұлттың» авторы Әбу Сәрсенбаевты айттар едім.

Дихан ӘБІЛЕВ

* * *

Әйгілі ақын Әбу Сәрсенбаев аты аталғанда, алдымен ауызга алынатыны да әсем лирикасы «Ақша бұлт!»

Отандық поэзияның гана емес-ау, халықаралық аренадағы антология төрінен ойып орын алатын туынды!

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

* * *

Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сую үшін көп айқайдың керегі жоқ. Әбекеңдікіндегі тынымсыз, жансашыр, табанды әрекет керек.

Қазір көзі тірі жүрген ақын-жазушыларда Әбу Сәрсенбаев маңдайынан сүйіп, басынан сипамаганы кем де кем.

«Жақсы адам қартайса — қазына» деген осы. Тоқсаннан аса көз жүмған Әбекем қазына еді.

Шерхан МҰРТАЗА

* * *

Әбу Сәрсенбаев есімі маган мектеп қабыргасында жүрген кезімде-ақ жақсы таныс еді. Әдебиетке құштар балалар қазақ ақындарының жыр жинақтарын қуалап жүріп іздейтінбіз де, біріміздің қолымызга түскен кітап болса, жұлығы шыққанша қолдан қолга түсірмей, жарысып оқып, ұнаган өлеңдерге әрқайсысымыз өзімізше еліктеп, жарысып, көп өлең жазатынбыз. Сондагы бізді қатты еліктірген өлеңнің бірі Әбу Сәрсенбаевтың «Ақша үлтты» болатын.

*Уа, ақша үлт, айтши маган,
Айтши маган, келдің қайдан? —*

деп басталатын әдемі сазды жыр туган жерге деген шексіз сағынышымен жас журегімді үлкән-талқан күйге түсіргені есімде. Кәдімгі күнде өзіміз көріп жүрген, ауылымыздың төбесінен қалықтап үшқан ақша үлттардың жанды заттай бол, онымен сойлесуге, сырласуга болатынын, тек ол үшін ақындық қасиет керек екенін үгіну қандай гажап еді.

Бұл өмірден откенинше үзақ жылдар бойына Әбекен маган әкемдей жақын адам болды. Менің алгашқы әңгімелерімді қолжазбамнан оқып пікір айттып, үнемі қамқорлық жасап отырды. Әдебиет жолына түсіп, қаз тұруыма, буыным қатайып, есеюіме бірден-бір қамқор болған жан еді.

Сайын МҰРАТБЕКОВ

ӨЛЕҢДЕР

МАЗАСЫЗ УКРАИНА ТҮНІ

КРОНШТАДТ, КРОНШТАДТ

Тула, Балтық, тула, Балтық!
Тула, толқын, жарды қарпып!
Жау келеді, жау келеді,
Түн қойнынан өлім артып.
Жойып жібер жын ойнағын,
Толқыныңмен тебе тарпып.
Шыңырауыңа батыр оны,
Тула, Балтық, тула, Балтық!

Кронштадт, Кронштадт!
Әмір берді Отан — штаб.
Көкірегіңмен қақ дүшпанды,
Ұлы орыстың өзіне ұқсап.
Бақыттымызға қамал бол сен,
Өр кеуденді жоғары ұстап.
От бер ауыр зеңбіректерге,
Кронштадт, Кронштадт!

Крейсерлер, крейсерлер!
Тізіл сапқа, бар, алға бар!
«Ей, көк көйлек матростар,
Океандарға аттаныңдар!»
Фашизмнің кеңірдегін
Күшті қолмен суырып ал.
Айқасқа апар батырларды,
Крейсерлер, крейсерлер!

Алматы,
1941

КӨЗ ЖАСЫНА ИЕ БОЛ

Лаулап жанған от басында
Отырмыз біз үнсіз ойлап.
Қой қорада, қос қасыда,
Қотан күтіп жатыр мойнақ.

Тік шаншылып үшқан жалын
Көгілдірлі көкке сұңгіп,
Биікке іліп жүлдyz шамын,
Тұр тебеден аспан мұлгіп.

Табиғат та тыныс алған,
Еш адам жоқ бізден өзге.
Жапырақ та тына қалған,
Жоқ қой үп деп ескен жел де.

Мұңайма сен, жас жұбайым,
Мойыныма білегінді ас.
Ел қорғауға достың дайын,
Кірпігінді жумасын жас.

Енді бірер сағаттан соң,
Рауандап таң да қелер.
Шапаққа алтын бөленсе жон,
Лаулап жанған от та сөнер.

Қоштасармыз аздан кейін,
Жер шұғыла жамылғанда.
Құшақташы соған дейін,
Еске алайын сағынғанда.

Аттанғалы тұрмын ертең,
Бет алысым долы майдан.
Жасың төгіп қаларсың сен,
Тек азат бол уайым ойдан.

Мүмкін, біздер бұдан кейін
Ажырасармыз ұзақ жылдар.
Көріспеспіз көпке дейін,
Тағдырдың не тартуы бар...

Лаулап жанған от басында
Отырмыз біз үнсіз ойлап.
Қош, ие бол көз жасына,
Келеді алтын таң арайлап!

Алматы,
1942

АТЫРАУ

Қош, еркін кәрі Атырау толқындары,
Ақынның қиялындаі толқымалы.
Көгілдір жоталарың қекті сұзіп,
Кемерден тұрсың тасып толқығалы.

Көбігің көтеріліп көк жүзіне,
Тәкәппар үмтүлғандай күн көзіне.
Өзіңен өзге күшке бойсұнбадың,
Көрген жоқ бағындырып сені еш пенде.

Майданың дабылына үн қосқандай,
Тулаған жанымменен сырласқандай,
Тұңғиық жүрегімнің күй пернесін
Толқыта түптен тартып жырлатқандай,

Бұрқырап жатырсың сен тулап, тасып,
Төсіме күміс моншақ көбік шашып.
Жасыса, жанарыма от бергендей,
Анамдай аймалайсың құшақ ашып.

Тулаған толқынында мен ер жеткем,
Туганнан тулап жатқан толқын кешкем.
Майданың шеруіндей дабылынды
Жаныма содан бері азық еткем.

Жұзуші ем толқыныңың төсінде ойнап,
Қырандай көк жүзінде салған ойнақ.
Секіртіп қолдан қолға қақпақылдай,
Тербетер еді мені толқын айдал.

Барғанда жиегіңе күн еңкейіп,
Шапағын қызыл қамқа алған киіп,
Батыстың бағанына іле тастап,
Шомп етіп кетер еді қойныңа еніп.

Тұн болса, аспанында ай қалықтап,
Кейде ақ жібек пердесін бетіне ұстап,
Құттықтап, көк әлемі құмартқандай,
Төбенен тұрар еді моншақ тастап.

Желкендер көз үшында шағаладай,
Жүзіп бара жататын толқында ойнай.
Ай сәулесі аспанды тіреп қойған
Көрінетін ақ құміс бағанадай.

Ару күн кеше кешке кеткен сұңгіп,
Болғанда құлан иек таң білініп,
Оранып шығыстың нұр шапағына,
Шығар ед жиегінде тағы құліп...

Фажайып сол суреттер кетпейді естен,
Ұлыңмын өз қойнында туып-өскен.
Еркіндік жырларынды ежелден мен
Өзімнің өміріме арқау еткем.

Сүйікті кең бесігім — көрі Атырау,
Анталаң қол салғанда жағаңа жау,
Жіберіп намысымды жата алам ба,
Аналық жүргегінде салып ақау?!

Кетем бе жау қолына тастап сені,
Тулаған оқça тоспай жүрегімді,
Алмасын азаттықтың қолыма алып,
Сыбанып қанға малмай білегімді?!

Еткізбен толқынынды жауға ойнақ,
Жарында жатпақшы ма дүшпан тойласп?!
Жоқ, Ана! Ақ сүтінді арам етпен,
Жанымды өсіргенсің кекке қайрап.

Қош, еркін көрі Атырау толқындары,
Ақынның қиялышындей толқымалы.
Қалқан ғып жүрегімді тостым алға,
Дабылын соқ майданың, толқы, кәні!

Алматы,
1942

ҚОШ БОП ТҮР, ЖАРЫМ

Л...га

Қош боп түр, жарым,
Сүйіктім, жаным,
Жұзінді қайтып көргенше,
Майданды кезіп,
Дүшпанды жеңіп,
Айналып кері келгенше.
Қасиетті жорық, жол ұзак,
Сарғайсан да күт, шырақ.

Ұрланып сырттан,
Ұрынды дүшпан,
Оқ атты туған еліме.
Өрт шарпып дала,
Қирады қала,
Іргесін жалын кеміре.
Батысты түнек жапты шаң,
Жазықсыз жас пен акты қан.

Оқ түтей жауып,
Күшейді қауіп,
Аспан түр түгел қанталап.
Құң етпек қызды,
Құл етпек ұлды,
Келеді дүшпан анталап.
Қаныпезер, азғын фашист сүм
Орнатпақ бізге қара тұн.

«Фашистке — өлім!
Жой, — деді, — көзін!»
Отаным — туған бесігім.
Ант етіп арға,
Ұмтылдық алға,
Ұран бол асқақ осы ұн.
Женіске жетер сенім мол,
Аттандық тұтас қалың қол.

Қош боп түр, жарым,
Сүйіктім, жаным,

Айырса тағдыр өмірлік.
Қайтпасам кері,
Ұмытпа мені,
Өлігім де тек өзіндік.
Өлмеймін, рас, жол ұзак,
Саргайсаң да күт, шырак.

Ташкент,
1942

ЖАР СЕРТІ

I. Жаралансаң жау оғынан

Егер, жаным, жаралансаң,
Жатса шапшып жарадан қан,
Түссең құлап қан майданда,
Хабар жеткіз онда маған,
Ардақтым, алғыр қыраным.

Қайтаармын саған жауап,
Жасым төгіп жыламай-ақ.
Мақтанармын, еркелермін,
Сені көкте күнге балап,
Жарығым, шам-шырағым.

Егерде сен мені ұмытып,
Бір аруға көзің түсіп,
Жүргегінді беріп жатқа,
Күшағына алсаң қысып,
Сыр жасырып жүре көрме!

Саған ие болса егер жат,
Махаббатқа салсаң сен дак,
Өлденеше күннен кейін
Менен сөзсіз аларсың хат,
Жара түсер жүргіме.

Ауыр, бірақ не амал бар,
Ұмытылар әйтсе де олар.
Ал егерде ел намысын
Аттап өтсөң, берме хабар,
Жүрт алдында қара бет бол.

Онда саған жауап бермен,
Серт байласқан дос деп білмен.
Елін сатқан азғын пенде
Орын алмас жүргегімнен,
Қарғыспенен қадармын ок!

II. Оралмасам егер кейін...

Хат алмасаң егер менен,
Оралмасам елге, сәулем,
Жорыма сен онда өзгеге,
Ізде мені салқын көрден —
Топырағынан туған елдің.

Демек, онда шам-шырағым —
Өшіп мәңгі көз жанарым,
Көкірегіме қадалып ок,
Соқпай жүрек, тоқтап қаным,
Сөнгені де жұлдызымың.

Оралмасам егер елге,
Сәулем, мені сөге көрме.
Кешірер бұл айрылысуды
Сен ғана емес, туған ел де,
Жүргегіңен мәңгі орын бер.

Бақытымының құсы едің сен,
Ләzzат алғам бір өзіңнен.
Тек сені мен туған елге
Жүргегімнен орын бергем,
Ант айнымай кірер көрге.

Жапан түзде құлазыған
Емен басын имес маған.
Тек ардақты туған ел мен
Сүйер мені жалғыз-ақ жан:
Ол — бір ғана сенің өзің.

Алматы,
1942

АҚБОЗ АТ

Ақбоз ат жазық бауыр, қамыс құлак,
Жарқырап екі көзің бейне шырақ,
Күмбірлеп көкті жарып кісінейсің,
Барам деп қай сапарға жолды сұрап.

Шүу, жануар, аршында,
Тау суында қарқында.
Жалыңа қызыл шоқ тағып,
Аруым қалды артымда.

Бүгін мен баратқам жоқ тойға мініп,
Қайраулы қанжарымды беліме іліп,
Халқымның арын жоқтап тарттым майдан,
Жерімнен кумақшы боп жауды түріп.

Шүу, жануар, құйында,
Сорғалай терің құйыла.
Сөгейін жау қамалын,
Кек семсерді суыра.

Ақбоз ат, қатер торлап өлем көгін,
Үстіңе салдым сенің солдат ерін.
Өтіне оқ пен оттың тартып барам,
Қорғауға қасиетті совет жерін.

Шүу, жануар, арқырап,
Тас бұлақтай сарқырап.
Ақ семсерім ойнасын
Жау үстінде жарқырап.

Кешерміз қан теңізін, сорғалар тер,
От ұшып тұяғынан, дүбірлер жер.
Желкесін фашизмның ұзбей тұрып,
Арқаңнан, ақбоз атым, алмаспын ер.

Шүу, жануар, қанатым,
Кезің бір туды ағатын.
Тезірек жеткіз майданға
Білек құрышы қанатын.

Салтынша елін-жұрттын сүйген ердің,
Бермеген жауға жалғыз таспа жерін,
Өңешін жауыздықтың жармай тұрып,
Жайғасып жас жауынгер шешпес белін.

Шүү, жануар, тірегім,
Жазылып бір білегім,
Көк семсермен түйрейін
Фашизмнің жүргегін.

Алматы,
1941

МАЗАСЫЗ УКРАИНА ТҮНІ

Мазасыз Украина түні!
Түн түнереп,
 Тағы да тәбемнен түйілді.
Ай мен жұлдызды артына жасырып,
Түн қара түнегін киінді.
Қатерлі өлім қоленкесі
Менің жүзімे үнілді.
 Мазасыз Украина түні...

Мен окопта отырмын,
Батыстан алмай көз қырын,
Тынысымды ішке тартып,
 Тындаудамын
Әрбір жапырақтың сыйбырын.
Тіміскілеген сүм ажал!
Сүм ажал төңерегім,
 Мен окопта отырмын.

Бұғін естілмейді бұлбұлдың жыры,
Тек мазасыз зеңбірек күркірі.
Жаралы алыптай тенселуде
Бауырдай жыртылып
 Украина қыры.
Қызыл нүктелер көкке көтерілуде
Оның денесінен ыршыған
 Істық қан тәрізді,
Бұғін естілмейді бұлбұлдың жыры.

Мазасыз Украина тұні!
Тұн тұнеріп,
 Тағы да төбемнен түйілді.
Қатерлі өлім көлеңкесі
Тіміскілеп кеп,
 Окобыма үнілді.
Бірақ мен үрейден азатпын,
Өңештен алмақпын өлімді!
 Мазасыз Украина тұні...

Изюм,
1943

ӨЛІМ ОЙПАТЫ

Кескілісken айқаста жауды жеңіп,
Таң алдында ұлгердік селога еніп.
Ақ теректер омырылып, ақ қабырға
Хatalарды отіпті жалын көміп.

Өртті өшірдік.
 Таң да атты,
 Ертеңгі алты.

Қайда кеткен селонның тұрғын халқы?
Нан мен тұз, сүт пен сусын, қызыл гүлін
Ұсынатын бар еді ата салты.

Бұл не сыр?
Білуге біз болдық асық,
Іздедік екінші бір дөңнен асып...
Фашист сүмдар селонның бүкіл жанын
Терен ойға иіріп, кеткен атып.

Бұлдіршендей арулар, балғын бебек
Жазықсыз өр кеудесін оқça төсеп,
Шомылып дариядай жатыр қанға,
Тұған жер топырағын етіп төсек.

Бас идік...
Төңірек мылқау, өшкен үні.
Сызылтып сайрамайды таң бұлбұлы...
Бұл не?

Кенет өліктер арасынан
«Бәу-бәулеген» естілді ана жыры.

Санитарка жүгірді елден бұрын,
Жас ана көкргіне қысып ұлын,
Қос анарын ұсынад бөбекіне:
— Еме қойшы маманды, айым, күнім!

Бізге бір үмітпенен қарады ана...
— Кел, дәрігер, талмаусырап кетті бала...
Рас, бірақ кеш еді, жас бөбектің
Жау оғы көкірегіне салған жара...

Бірер талман ардақты ақ мамасын,
Моншақтай кірпігінен іркіп жасын,
Ананың әлдімімен көзін жұмып,
Нәресте ақтық рет қақты қасын.

Бөбекіне салды да ана көзін,
Айтты ауыр зауалды үкім сөзін:
— Қарашағым, қанынды арқалаған
Фашистер үрпағына жетсін өлім!

Жайды да толқындаған қара шашын,
Ұлының өлігіне иді басын.
Текпеді ол дәрменсіз құр булығып
Дариядай сел қылып қанды жасын.

Ананы біз жөнелттік медсанбатқа,
Эскадрон тіzlіп түрдү сапқа...
Қалды өлім ойпаты артымызда,
Біз айқаска ұмтылдық мініп атқа.

Өтерміз жеңіспенен талай өрді,
Дүшпаннан арылтқанша туған жерді.
Қасиетті қабіріне тумалардың
Өшпейтін орнатармыз биік белгі!

*Сватово,
1943*

ОТАН СОЛДАТЫ

Майдандасым, қос орденді Әзілхан Сапархановқа

Ата мекен, солдатыңмын
Сапта тұрган мен сенің!
Өткенің де, бүгінгің де,
Тіпті, тіпті шалғай жатқан ертенің
Қымбат маған,
Қымбат және, Отан, алтын босаған.
Бабалардың тері сіңген
Көкмайсаң да, өртеңің де, Жер, сенің!
Күзетшіңмін ат жалынан
Кейде тіпті кірпік қағым түспеген.
Төтеп бергем талай жыртқыш,
Талай жойқын күшке мен!

Бабалардың қаны түстес
Сүйіп тудың алтын зерлі шашағын,
Тізе бүгіп, ант ішкенмін
Абыроймен қорғауға
Елімдегі азат таңын
Арайлы аппақ шапағын!

Ант еттім де қоргадым мен,
Жасқанбадым жауыңнан.
Көргенім жоқ бой алдырып,
Бүтілмедім, мейлі, батпан ауырдан.
Бақытыңа мызғымайтын
Тас қамал боп қаландым.
Сақтап калдым ең қатерлі,
Өртті, жойқын дауылдан!

Мен өзгеше майырылмас
Шын болаттан соғылдым,
Долы күшін тойтаратын
Қара ниет, қанішер жау оғының.
Гитлердің бес миллиондық
Ажал атты балғасын
Өр кеудеммен өршілене
Қарсы қағып омырдым!

Дұшпан енді қаша үрысып,
Кайта үмтыта қарысты.
Таяқталып тағы қашты,
Каңға бояп қалың күртік қар үстін.
Жауды өкшелеп,
Европаны да құлышылықтан құтқардым,
Әділет сүйгіш адамзатқа
Ортақ ізгі азаматтық ар үшін!

Жаулар басым кезінде де
Жұз ықтырып саспадым,
Ұлы жеңіс прологын
Волокалам тас жолынан бастадым.
Фашизмді айдал барып,
Өз апаны — Берлинде
Қырық бестің табанымен
Қырарқадан
Біржолата таптадым!

ҚЫРАНДАР ҚИЯ БИКТЕН...

Әнuar Сейтахметовке

1

Ұлиды боран,
Ұйтқиды боран,
Қасірет сынды түнек түн.
Жер үйде бірақ
Көмескі шырақ
Өшуге қалған жүдеп тым.
Ал радиист жігіт эфирден
Іздейді «Айды» бекерге.

«Ай» сұлу үнсіз,
Меніреу, тілсіз.
Минуттар талай саналды.
Үзгендей үміт,
Күрсінді жігіт,
Түйілді налып қабагы.
Түн ауған қазір ортадан,
Төнірек дүшпан қоршаған.

Далада бұлік,
Жер үйді үрып,